

САЯХАТ ЖОРЫҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ахметов Н.Ә.

В данной статье рассматриваются методика организации и подготовка туристского похода.

There is the methodic and organizations of tourists travel are considered in this article.

Жорықты ұйымдастыру және дайындау

Саяхат жорықтарын ұйымдастыру мен оларды жүйелі түрде өткізу дене тәрбиесі мәдениеті коллективті саяхат үйірмесі жұмысының ең бастыларының бірі болып саналады. Бұл мүмкіндігіне қарай демалыс кезіндегі көп күнгі шектеусіз және шектеулі жорықтар болуы мүмкін.

Жорықтарды ұйымдастыру және дайындау параллельді және бірін-бірі жалғастырар шаралардың нәтижесі, жүйелі білім берерлік, тәрбиелік және спорттық міндеттерді сауықтырудың барынша тиімділігі мен жорыққа қатысушылардың толық қауіпсіздігін сақтаудағы алға қойған мақсаттардың жүзеге асырылуы. Жорықты ұйымдастыру мен дайындау, желілік /маршруттық/ жұмыс, ұйымдастыру және материалдық-тәсілдік жағынан қамтамасыз ету деп бөлуге болады.

Жорық мақсатын анықтау

Дайындық жүргізуден және жорыққа аттанудан бұрын мақсатты анықтау және оны спорттық шараларды өткізетін жұмыс жоспарына енгізу керек.

Жорық мақсаты оған қатысушылардың бәріне түсіндірілуі тиіс. Ұсынылған жорық мақсатының күні бұрын анықталуы топтардың ынтымақ-бірлігінің жақсаруына, коллективтің көңіл күйінің көтеріңкі, өткізілген шаралардың тиімді болуына тікелей әсер етеді. /1/.

Жорық мақсаттары әртүрлі экскурсиялық үгіт-насихаттық, әскери-патриоттық, спорттық, үйренушілік, сауықтырушылық, қоғамдық, танымдық, т.б. болуы мүмкін. Кейде бір жорық бірнеше мақсатты көздеуі де ықтимал. Маңыздысы, басты мақсат жорыққа қатысушылардың әрқайсысына айқын да түсінікті болуы. Жорықтың тұңғыш қатысушыларға арнайы тапсырмалар берілмеуі керек. Мұндай жорықтардың мақсаты саяхат желісінің /маршрутының/ жемісті өтуі және саяхаттың жай дағдыларын меңгеру болып табылады.

Саяхатқа шығар ауданды таңдау

Саяхатқа шығуды өз ауданынан, немесе өз өлкеңнен бастаған жөн. Онда да ең аз дегенде екі рет: бірін - жазда, екіншісін - қыста шаңғымен жүзеге асырған абзал. Бұл алғашқы жергілікті жерге жасалған саяхат транспорт үшін көп қаржыны, сондай-ақ құрал-жабдықты және жолға жұмсалар ұзақ уақытты керек етпейді. Өз өлкеңе жасаған саяхаттан кейін еліміздің басқа аудандарымен танысу қызықтырақ болары сөзсіз.

Саяхатқа шығар аудан жорыққа қатысушылардың қызығушылығы мен талғамы бойынша таңдалады. Кейбіреулерді өткен тарих, өнер, мәдениет, соғыс даңқы ескерткіштері, кейбіреулерді бүгінгі шаруашылық және мәдениет құрылыстары, жаңа қалалар мен поселкалар, электростанциялардың,

каналдардың салынуы қызықтырады. Ендігі бір топ аз зерттелген аудандарға саяхат жасап, әртүрлі байқаулар жүргізуді қалайды. Төртіншілері жай демалып, аңшылық құруды, балық аулауды ұнатады.

Саяхатқа шығар ауданды таңдау барысында жол ерекшеліктерін, оған қажетті жағдайларды, транспортқа жұмсалатын және басқа шығындарды міндетті түрде ескеру қажет. Саяхатты ұйымдастыру жеңіл болу және жорыққа жаңа шыққандарға көмектесу үшін саяхат Кеңесі күрделіліктің барлық категориясы желілерін /маршруттарын/ жасайды. Арнайы схемалары мен карталары бар мұндай желілер /маршруттар/ жұртқа алдын ала анықтама ретінде жарияланып, ұсынылады.

Топтарды жасақтау

Топтарды дұрыс жасақтау – жорықтың сәтті және апатсыз болуының ең негізгі шарттарының бірі. Топты жасақтау жорық мақсаты мен тікелей байланысы және ол екі әдіс негізінде жүзеге асады. Оның бірінші әдісі алдымен жорық мақсатын белгілеу мен жорыққа қатысатын лайықты жандарды таңдап алуда көрінеді. Екінші әдіс-жорықты ұйымдастыру кезінде алдымен оған қатысқысы келетіндерді анықтап, содан кейін ғана олардың мүмкіндігіне орай мақсаттарын белгілеу керек. Жорыққа дайындық барысында оған қатысушыларды өте мұқият таңдай білу қажет, мүмкіндігінше бәрінің бір ұжымнан іріктелгені жақсы. Бұл орайда саяхатшылардың бір-бірінің қалыптасқан әдет-дағдыларын, әр нәрсеге қызығушылық-білімділігі мен шынығуын, төзімділігін бөлгені үлкен мәнге ие.

Дайындық кезінде саяхатшылар бір-бірімен танысады. Жорыққа аттанғанға дейін алға қойған мақсатты орындауға қабілетті ұжым болып бірігеді.

Жорыққа дайындық кезінде саяхатшылар тобының қанша адамнан жасақталғаны да шешуші роль атқарады. Жай жорықтарға төрттен он бес-жиырмаға дейін адам қатысуы мүмкін. Күрделі жорық желілеріне /маршруттарына/ қатысушылар тобындағылардың саны аз ба, көп пе, белгілі болады. Ал жорық желілерінің /маршруттарының/ үшінші категориясының қиындығына орай, оған қатысушылар алты адамнан, қысқы жорықтар кезінде сегіз адамнан кем болмауы көзделуі керек. Нұсқау бойынша қатары алты адамнан аз топтармен күрделі жорықтар өткізуге тиым салынады, себебі ондай топтар өз күшімен қажетті қауіпсіздік шараларын жүзеге асыра алмайды. Бір-бірін танымайтын адамдардан жасақталған өте үлкен топтардың жақсы нәтижелер көрсетуі мүмкін емес. Бәрін бірдей қанағаттандыратын саяхат мерзімін таңдау да қиын. Кейбіреулер асығып, өзгелерді соңынан ертуге мәжбүр болады, ал мұдай әрекеттің өте қымбатқа түсуі мүмкін.

Мүмкіндігінше, жорыққа қатысушылар саны палаткалардағы орынға сәйкес келуі керек. Жаз айларындағы жорықтарға қатысушылар екі-үш палаткаға орыналастырылады, қыс айларында бұлай етуге мүлде болмайды. Тіпті 10-12 адамнан жасақталған топтың өзіне бір палатка беріледі. Бұл әр палаткаға бір пештен және мұның сыртында түнге қарай бір кезекшіден ғана бөлінуіне байланысты туған шешім.

Азды-көпті саяхатшылық тәжірибесі, дене және тәсілдік дайындығы бірдей адамдардан үлкен топ жасақтау өте қиын. Шамадан тыс жасақталған үлкен топ жетекші тарапынан қажетті бақылаудың болмауы, ұйымдастыру

жұмысының жеткілікті жүргізілмеуі апат пен қайғылы жағдайларға ұшыратуы мүмкін. /2/.

Бір ауданды зерттеу немес саяхатшылар жиыны оқуын өткізу мақсатымен бір өндіріс ұжымынан жасақталған, құрамында 20-40-тан адамы бар топтарға кеңшілік жасап, күрделі емес жорықтарға қатысуына рұқсат етілуі мүмкін. Мұндай жағдайда бүкіл отряд 8-12 адамнан бөлімдерге /топтарға/ бөлінеді. Әр бөлімнің тәрбиелі жетекшісі, жорық желісінің /маршрутының/ картасы /схемасы/ және өздігінше әрекет етуге қажетті құрал-жабдығы болуы керек. Бөлімді тәжірибелі нұсқаушы және топтың штабы басқарады. Негізгі соқпақтар мен сай-жыралар, өзендер мен аңғарлар желісімен /маршрутымен/ жапсарлас жолдар мен асуларды зерттеу үшін жекелеген топтарды соқпақтар мен сай-жыралардың, өзендер мен аңғарлардың негізгі желісінен /маршрутынан/ басқа бағытқа жұмсай отырып, отряд бір желімен /маршрутпен/ қозғалуы мүмкін. Барлық топтар бір жоспар бойынша әрекет етеді.

Жорықтарды ұйымдастыру мен өткізу практикасы мынадай талаптар қояды: топ мүшелерін жасақтауда өтілетін жорықтардың қиындықтары бірте-бірте арта түсетін принциптерін қатал ұстағандары жөн. Үшінші категориясы жорық қиындығына қатысу үшін саяхаттың осы түрі бойынша екінші категория жорығына қатысқан тәжірибесі болуы керек.

Топ жетекшісіне бұдан да жоғары талап қойылады. Ол саяхаттың осы түрінен жорықтың үшінші категориясына қатысқан болу және екінші категория желісі /маршруты/ бойынша өткен жорыққа жетекшілік ету тәжірибесін игеру қажет. Тәсілдік әдет-дағдылармен бірге жетекшінің ұйымдастырушылық қабілетінің болғаны жөн.

Жорыққа қатысушылардың әрқайсысы жорыққа баратын ауданның ауа райының жағдайын, кездесетін қиындықтар мен кедергілерді, экскурсиялық объектілерді алдын ала білулері керек.

Толық жасақталған және қажетті құралдармен жабдықталған топ жорыққа шығардан бір-екі апта бұрын саяхаттың белгіленген бір күндік қашықтығына тең келетін байқау жорығын жасағандары жөн. Қысқы жорықтарға дайындық кезінде жабдықтарды тексеру, жорыққа қатысушылардың ынтымақтастығын, олардың дене төзімділігін тексеру мақсатымен далада түнеуді ұйымдастыру керек. Мұндай тексеруде көзге түскен кемшіліктер бір-екі апта ішінде толық жойылуы қажет.

Жорыққа дайындық және оны өткізу барысы кезіндегі топтың міндеттерін бөлу

Топтардың негізгі өзегі анықталғаннан кейін міндеттерді бөлу басталады. Бұл жерде саяхатшылардың жорық тәжірибесі, олардың дене дайындығы туралы мәлімет, практикалық әдет-дағдылары және кәсіптік тәрбиесі ескерілуі тиіс. Топтың беделді және тәжірибелі мүшесі жетекші бола алады. Оның кандидатурасы жорықты ұйымдастырушы саяхаттық үйірменің төменгі ұжымы мекемесінің мәжілісінде бекітіледі.

Топтың басқа мүшелерінің арасында жетекшінің орынбасары: қазынашы, шаруашылық ісінің меңгерушісі, дәрігер және т.б. міндеттер бөліске түседі. Бұлардан басқа құрал-жабдықтарды, шаңғыларды жөндеу, күнделік жазу, метеорологиялық және басқаларды бақылау үшін жауапты адамдарды бекіту де жүзеге асуы мүмкін. Жорыққа дайындық барысында әр саяхатшыға белгілі жұмыс бөлігі бойынша жарық желісі /маршруты/ комиссиясының құжаттарын

әзірлеу, жорық желілері /маршруттары/ жолдарындағы жергілікті мекемелермен хат арқылы байланыс орнату, жорыққа шығу аудан туралы мәліметтер жинау, кеңестер алу, құрал-жабдықтарды дайындау және иелену, азық-түлікті дайындау және т.б. жауапкершілік жүктеледі. Жорық дайындығы туралы өзара хабар алулары үшін жорыққа қатысушылар жүйелі түрде бір жерде тегіс бас қосулары керек. Бұдан өзге жексенбі күнгі жорықтардың саяхаттық тәсілдері мен дене шынықтыру жаттығулары элементтерін жетілдіру үшін барлық топ жиналуға тиіс.

Жорық кезіндегі топ мүшелерінің ұйымшыл, бір ауыздылығы болған жөн. Егер жалпы жорық жоспарына, не жорық желісін өзгертуге тиісті, не топтан бір адамды шығаратындай, т.б. маңызды мәселе қаралатын болса, онда топтың барлық мүшелері оған сөзсіз қатыстырылуы тиіс. Жорықтың кішігірім мәселесіне байланысты шешілетін істер, топқа тұрақты жетекшілік ету, кезекшілерді бөлу, кейбір жеке тапсырмаларды орындау жетекші нұсқауы бойынша жүзеге асырылады.

Бірін-бірі жақсы білетіндер, өмір және саяхат жолдарында белгілі тәжірибесі барлар, бірлесіп жорыққа бірнеше рет шыққандар арасында спорттық саналы тәртіп, бір-біріне деген өзара сыйластық берік орын алады. Жетекші жорыққа қатысушылар арасынан сайланады, сондықтан оған бәрі тәжірибелі, жасы үлкен жолдас ретінде қарайды.

Әр күні кешке қарай, міндетті түрде өткен күн қорытындысын шығару шараларын өткізіп отыру ұсынылады. Мұндай талдау жалғыз жорыққа қатысушыларға ғана емес, сонымен бірге жетекшіге де пайдалы. Осы арқылы жүріп өтілген жорық желісінің көлемі, күні бойы қолданылған әдіс пен тәсіл, күн тапсырмасының орындалуы анықталып, талданады. Ертеңгі күн жоспары белгіленіп, қажет болған жағдайда кезекшілік жүзеге асырылады. Міндетті түрде өткен күн қорытындысына арналған топ күнделігі толтырылады.

Саяхат желісін /маршрутын/ таңдау және оны жетілдіру

Жорық мақсатын және топ құрамын анықтағаннан кейін дайындықтың келесі кезеңі саяхат желісін /маршрутын/ таңдау және оны жетілдіру сәті басталады. Егер жорық туған өлке бойынша және анық емес болса, онда жетілдірілген жорық желісін /маршрутын/ ұсына алар арнайы жолбастаушыларды пайдалануға болады. Оларда жорық желісі /маршруты/ туралы барлық қажетті хабарлар /оның ішінде сызбалар/ бар және белгіленген мақсат пен топ құрамына сәйкес келетін қажетті жолбастаушыны таңдап алуға болады.

Жиналған тәжірибе шараларына орай алдымен ұсынылған жорық желілер /маршруттары/ нұсқалары, кейіннен жорық желілерін /маршруттарын/ бірте-бірте өз бетінше жасауға көшу тәрізді өз идеясы пайда болады. Бұл істе әдебиеттер, ақыл-кеңестер, ең бастысы, картографиялық материалдармен қамтамасыз ететін саяхатшылар клубы үлкен көмек көрсете алады.

Туған өлке бойынша бірнеше жорық жасалғаннан кейін еліміздің басқа аудандары бойынша жорыққа шығуға болады. Мұндай саяхатқа дайындық жүргізу мейлінше күрделі. Ұсынылған аудан ерекшелігімен танысу әуелі ол туралы әдебиеттерді, бірінші кезекте арнайы саяхатқа арналған әдебиеттерді зерттеуден басталады.

Жол бастаушылардың көмегімен өзге туған өлке бойынша өтетін саяхатқа арналған түсініктемелері бар көп кітаптар, анықтамалар, альманахтар, жинақтар, саяхат карталары мен желілері /маршруттары/ схемалары шығарылады. Ондай әдебиеттерді кітапханалар мен саяхат клубтарынан табуға болады.

Арнайы саяхат әдебиеттерінен басқа жалпыға арналған анықтама әдебиеттерінен де пайдалы куәліктерді кездестіре аламыз. Басқа еш жерде ұшыраспайтын көптеген мәліметтер арнайы географиялық әдебиеттерде ұшырасады және басқа мұражайлардан да көмек сұрауға, олардың сіз қызыққан өлкеде болған қызметкерлерімен кездесіп, ең қажетті кеңестер алуға болады. Таңдап алынған аудан туралы алдын ала жинақталған мәліметтер саяхатқа шығарда бірнеше жорық желісін /маршрутын/ жасауға мүмкіндік береді. Жалпы талқылау кезіне дейін олардың біршама айқындала түсетіні де анық.

Саяхатқа шығар аудан толық белгіленгеннен соң карта бойынша жорық желісі /маршруты/ егжей-тегжейлі талқыланып жетілдіріледі. Жорық желісі /маршруты/ күндерге бөлінеді, күндіз жүріп өтетін жол қашықтығы өлшенеді, шамамен түстенетін, қонатын орындар анықталады, қажет болса, зерттеу жұмыстары мен экскурсияларды жүзеге асыру көзделеді, қосымша азық-түліктер алатын орындар белгіленеді, егер күндер артыла қалатындай жағдай болса, онда жорық желісін /маршрутын/ көбейту немесе азайту қажеттілігі қарастырылады. Бұл орайда есте ұстайтын жай, карта бойынша өлшенген қашықтық әрдайым шындыққа сай келе бермейді. Әдетте картадағы шақырымдарды 10-15 пайызға арттыру керек.

Осы мәселелердің бәрін есептеп, ескерген соң жеке паракқа қозғалыс графигін төмендегі схема бойынша жасаған жөн.

Жол күні	мезгіл	жорық желісі /маршруты/	шақырым	ескерту
----------	--------	----------------------------	---------	---------

Топтар жолын, олардың күндіз жүріп өтер қашықтығы, түстенетін және қонатын орындарды көрсететін жорық желісі /маршруты/ схемасын жасау пайдалы. Бірақ ол схема картаны алмастыра алмайды. Олай ойлау қате. Схема қозғалыс графикасына көрнекті құрал ретінде ғана қызмет етеді. Жорыққа карта бойынша шығу керек, әйтсе де саяхатшылар клубында картаны қолға бермейді, оны жылтыр ақ қағазға ұқыпты көшіріп алған жөн. Оны көшіргенде белгіленген жолдың екі жағынан ең аз дегенде 15 шақырым қашықтықты, яғни жорық желісінің /маршрутының/ тар енін емес, барынша кең енін қамти көшірген дұрыс.

Жорық кезінде қозғалыс графигін сақтау өзіндік мақсатқа айналмау керек. Қозғалыс негізінде әрдайым жекелеген түсетулер енгізіліп тұрады. Ең бастысы-жорық мақсатын жүзеге асыру. Түстенулерді қозғалыс графигін сақтау үшін емес, тек қажет жағдайда ғана жүзеге асырған абзал. Алғашқы түстену мұқтаждығы көбіне жорықтың 2-3 күнінен кейін пайда болады. Бұл күндер ерекше ауыр, себебі саяхатшылар жол азабына әлі төселмеген әрі арқалаған жүктері жеңілденбеген. Сондықтан түстенуді жорықтың екі, үш не төрт күнінен кейін топ мүшелерінің жағдайына қарай шешкен жөн. Сол себепті мүмкіндігінше түстенулерді графикке енгізбей, оларды бірнеше күн есебінде

жалпы белгілеген дұрыс. Бірақ бұл күндерді жорық желісін /маршрутын/ жасаған кезде алдын ала болжап білуге болмайтын оқиғаларға байланысты белгілеуге тура келетін жайларға бөлінген қосымша күндермен шатыстыруға болмайды. /3/.

Жорық жоспарын толық жасап біткеннен кейін жорық желісі /маршруты/ кітапшасын алуға болады. Ол үшін барлық қажетті материалдар жорық схемасы, қозғалыс графигі, дәрігердің рұқсаты бар саяхатшылардың аты-жөні жеке жазылған және ұжымдық құрал-жабдықтар тізімі, азық-түлік мөлшері мен сметасы облыстық не қалалық саяхатшылар клубына ұсынылады. Ондағылар жорық жоспары қаншалықты сәтті жасалғанын тексеріп, жорық желісі /маршруты/ кітапшасын табыс етеді.

Жорық желісі /маршруты/ кітапшасы-саяхатшылар тобының негізгі құжаты. Онда жорық желісі /маршруты/ және топ мүшелері туралы мәліметтер жазылып, белгілі пункттерден жүріп өткені жайында белгілер соғылады. Жорық аяқталған соң ол белгілер саяхатшылардың сапарда болғанын растайтын құжат қызметін атқарады. Ондай белгілерді кез келген мекемеден соқтырып алуға болады, тек олар мөрмен расталуы керек.

Әдебиеттер:

- 1.Вуколов В.Н. «Основы техники и тактики активных видов туризма» Алматы, 2005.-224с
- 2.Моргунов Б.П. Туризм.-М., 1996.-167с.
- 3.Ривкин Е.Ю. Организация туристической работы со школьниками Практическое пособие. – М. АРКТИ, 2001.-80с